**"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі)" қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 қыркүйек N 1209

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы K010209_ Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жоба Қазақстан Республикасының ЗАҢЫ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің ( Салық кодексі) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы 1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдедегі Z922500_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат):

1) 8-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайлардан басқа,";

2) 12-бапта "салық инспекциясы" деген сөздер "салық қызметі" деген сөздерге ауыстырылсын;

3) 14-баптың он бірінші абзацында "енгізгеннен" деген сөз алынып тасталсын;

4) 15-баптың алтыншы абзацында "салықтарды" деген сөз "және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 20-баптың 4-тармағының бірінші бөлігінде "Мемлекеттік салықтық, тазалық және басқа да инспекциялардың және" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылы 23 қаңтарда қабылдаған Қазақстан Республикасының Орман кодексіне K932000_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 3, 45-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж.,

N 3, 20-құжат):

68-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Орманды пайдалану үшін төленетін ақының ставкалары, мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.".

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 31 наурызда қабылдаған Қазақстан Республикасының Су кодексіне K933000_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 7, 149-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 22, 408-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат):

1) 12-баптың он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"су ресурстарының жоғарғы қабатының көздерін пайдалану үшін төленетін ақы ставкасын белгілеу;";

2) 47-бапта:

3-тармақта "Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленгендегіден басқа реттерде," деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақта "Үкіметі" деген сөз "Салық кодексі" деген сөздерге ауыстырылсын;

3) 48-бап алынып тасталсын.

4. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы Z933300_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 18, 439-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат):

1) 10-баптың бесінші абзацында ", сондай-ақ оны қорғау мен өсімін молайту үшін" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 33-бапта:

төртінші бөліктің үшінші абзацында ", сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту" және "мерзімдері мен" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат жануарлар дүниесін пайдалану үшін төленетін ақының мемлекеттік бюджетке толық енгенін растайтын құжат бар болған кезде ғана беріледі.";

3) 35-бапта:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесін пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке енгізілуге тиіс ақы алынады.

Жануарлар дүниесін пайдалану үшін төленетін ақының ставкалары, мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.";

4) 37-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылы 21 қыркүйектегі Z947000_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Механикалық көлік құралы - двигатель арқылы қозғалысқа түсетін мопедтен басқа, кез-келген жол көлік құралы. Ұғым кез-келген трактор және өздігінен жүретін машиналарға да қолданылады.";

2) 9-бапта:

алтыншы бөлікте "су жолдарын, сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасында кеме жолдарын пайдалану ақылы түрде жүзеге асырылады.

Кеме жолдарын пайдалану үшін төленетін ақының ставкалары, мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.

Беру нысаны мен тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін рұқсат беру құжатымен кеме жолдарын пайдалану құқығы беріледі.

Кеме иеленуші техникалық бұзылуы себепті немесе өзгелей себеппен кемені пайдаланбаған жағдайда, ол мұндай факторларды растау үшін уәкілетті мемлекеттік органға бұл туралы хабарлайды. Бұл ретте, уәкілетті мемлекеттік орган тексеруден және мұндай факторларды белгілегеннен кейін рұқсат беру құжатына тиісті өзгерістерді енгізеді.";

3) 15-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Механикалық көлік құралдарын және тіркемелерді, көл, өзен және шағын кемелерді, азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалған тәртіпте алым алынады.".

6. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне K941000_ (Жалпы бөлім ) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша), 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 -3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат):

1) 19-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда,";

2) 38-баптың 3-тармағы алынып тасталсын;

3) 49-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) заңда белгіленген тапсыру мерзімінен кейін бір жыл өткенде жиынтық жылдық табыс туралы декларация тапсырмау, бір жыл ішінде оның орналасқан жері, сондай-ақ заңды тұлға бұларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылары ( қатысушылары) және лауазымды адамдары болмауы немесе оларды анықтау мүмкін болмауы.";

4) 242-баптың 3-тармағында:

үшінші сөйлем алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды мемлекеттік меншікті басқаруды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілет берген органы жүзеге асырады.

Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Сот шешімі бойынша коммуналдық меншікке түскен деп танылмаған иесіз қозғалмайтын зат оның меншік иесі болып қалған иелік етуі, пайдалануы және иеленуі үшін қайта қабылдануы болмаса бұрын сатып алынған күшінде меншікке сатып алынуы мүмкін (осы Кодекстің 240-бабы).";

5) 282-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде екінші және үшінші сөйлемдер алынып тасталсын.

7. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3 -4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222 , 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар ; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжат; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 13 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010207_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 маусымдағы Заңы; 2001 жылғы 26 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 23 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне туристік қызметтің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010212_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңы):

1) 15-бапта:

тоғызыншы бөлікте "алым" деген сөздің алды "лицензиялық" деген сөзбен

толықтырылсын;

он үшінші бөлікте "алым" деген сөз "жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым" деген сөздерге ауыстырылсын;

2) 16-баптың 3) тармақшасында "алым төленгенін" деген сөздер "лицензиялық алым мемлекеттік бюджетке төленгенін" деген сөздерге ауыстырылсын;

3) 18-бапта:

тақырыптағы "алым" деген сөз "лицензиялық алым" деген сөздерге ауыстырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның ставкалары, мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.";

4) 19-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында "төленетін" деген сөзден кейін " лицензиялық" деген сөзбен толықтырылсын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Z952198_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат):

1) 6-баптың оныншы бөлігінде "заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін алым төлегені туралы" және "төлем тапсырылымының көшірмесі" деген сөздер "заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін алымның мемлекеттік бюджетке төлегенін растайтын құжат" деген сөздерге ауыстырылсын;

2) 10-бапта:

"салық заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде" деген сөздер "Салық кодексінде айқындалған тәртіпте заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін" деген сөздерге ауыстырылсын;

3) 11-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін төленген алымды қайтару Қазақстан Республикасының Салық кодексінде K010209_ көзделген жағдайларда жүргізіледі.";

4) 14-баптың алтыншы бөлігінде "салық заңдарымен белгіленген мөлшерде" деген сөздер "Салық кодексінде айқындалған тәртіпте заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін" деген сөздерге ауыстырылсын;

5) 15-баптың екінші бөлігінде "салық заңына сәйкес" деген сөз "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалған тәртіпте заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін" деген сөздерге ауыстырылсын.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің "Дәрілік заттар туралы" 1995 жылғы 23

қарашадағы N 2655 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 137-құжат):

1) барлық мәтін бойынша "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінде" деген сөздер тиісінше "денсаулық сақтау саласында уәкілетті мемлекеттік органмен", "денсаулық сақтау саласында уәкілетті мемлекеттік органы", "денсаулық сақтау саласында уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздерге ауыстырылсын;

2) 12-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалған тәртіпте алым алынады.".

10. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 U952697_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат):

26-бапта:

тақырыпта және мәтінде "тіркеу", "тіркелуге" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік тіркеу", "мемлекеттік тіркелуге" деген сөздерге ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалған тәртіпте алым алынады. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу көрсетілген алымды мемлекеттік бюджетке төлегеннен кейін жүзеге асырылады.".

11. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 U952727_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; 1997 ж., N 21, 277-құжат):

1) 5-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалған тәртіпте алым алынады.";

2) 6-бапта:

тақырыптағы "Тіркеу және" деген сөздер алынып тасталып, "ақпарат" деген сөз бас әріппен жазылсын;

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу үшін, сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 13-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу үшін алынатын алым сомасының мемлекеттік бюджетке төленгенін растайтын құжат".

12. Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағында ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктерінің" деген сөздер " филиалдары мен өкілдіктері арқылы Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместерді" деген сөздерге ауыстырылсын;

2) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Оңайлатылған нысан бойынша қаржы есебін акцизделетін өнімдер өндірумен, өңдеумен және сатумен айналысатын субъектілерден басқа (алкоголь және темекі өнімдерін бөлшек сатуды есептемегенде), шағын кәсіпкерліктің субъектілері құрайды.

Бухгалтерлік есепті жүргізудің оңайлатылған нысаны уәкілетті орган бекіткен бухгалтерлік есеп стандарттарымен айқындалады.".

13. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы Z960003_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 234-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63-құжат):

13-бапта:

төртінші бөлікте "тіркеу алымының" деген сөздер "заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін алынатын алым" деген сөздерге ауыстырылсын;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоғамдық бірлестіктерді тіркеу және қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалған тәртіпте заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін алым алынады.".

14. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Z960029_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат):

19-бапта:

1-тармақта "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекетті автомобиль инспекциясында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметінде өкілетті мемлекеттік органда";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Өткен кезеңдерде көлік құралдарына салынатын салық бойынша берешегі жоқ автомотокөлік құралдары мемлекеттік техникалық байқауға жіберіледі.".

15. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22,

408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат):

20-бап алынып тасталсын.

16. "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 сәуірдегі Z970097_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 87-құжат):

1) осы Заңда қолданылатын ұғымдар мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

"Вексель қағазы - айқындалған қорғалу дәрежесі бар және оған вексель жасауға арналған елтаңбалық қағаздың алуан түрлісі.";

2) 80-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын:

3) мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

"83-1-бап.

Мазмұндағы мен нысанында көрсетілген талаптарын, өндірілген немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген вексель қағаздарының қорғалу дәрежесін және онда баспаханалық тәсілмен міндетті көрсетілуге жататын вексельдің сомасын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Вексель қағаздарын өндіруге байланысты қызмет елтаңбалық қағаз өндірумен байланысты қызметті лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялауға жатады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы вексель жай қағазда жасалуы да мүмкін.

Вексель қағазының мәтіні (вексельдік бланкісі) мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы қажет.";

4) мынадай мазмұндағы 16-1-бөлімімен толықтырылсын:

"16-1-бөлім. Елтаңбалық алым

92-1-бап.

Елтаңбалық алым - аудармалы және жай вексельдер жасау кезінде, вексель қағазын сату, сондай-ақ оның аумағына әкелінетін вексель бойынша құқықтар мен міндеттердің (индоссолау, кепілдендіру, акцепт, инкассоға табыстау және басқалар) пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтатылуына бағытталған бірінші іс-әрекетті Қазақстан Республикасының аумағында жасау кезінде жеке және заңды тұлғалардан бір уақытта өндіріліп алынатын ақы.

Вексель қағазын сату кезінде өндірілетінді есептемегенде, елтаңбалық алымның сомасы банк арқылы енгізіледі және елтаңбалық алымды төлеу туралы вексельге түбіртекке қосымшамен расталады.

Қазақстан Республикасында елтаңбалық алымды төлемеу немесе толық төлемеу жағдайында, вексельден туындайтын құқық елтаңбалық алымның барлық сомасы төленгенге дейін тоқтатыла тұрады және елтаңбалық алымның сомасы толық төленген сәттен бастап жаңартылады.

Елтаңбалық алым толық төленбеген жағдайда, оның үстеме ақысы вексельге оның

үстеме ақысы туралы түбіртек қоса беріліп, вексель беруші, сонымен қатар вексель ұстаушы немесе басқа да тұлға жүргізуі мүмкін.

Вексель ұстаушы, сондай-ақ елтаңбалық алым сомасын үстемелеп төлеген өзгелей тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте оны вексель берушіден талап етуге құқығы бар.

Елтаңбалық алымның ставкаларын, мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Салық кодексі айқындайды.".

17. "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Z970131_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат):

1) 9-баптың 3-тармағы алынып тасталсын;

2) 10-баптың 1-тармағында "берілді" деген сөз "берілуі мүмкін" деген сөздерге ауыстырылсын.

18. "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Z970135_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 185-құжат; N 22, 333-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларды есептемегенде";

2) 10-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшада "тұрғылықты жерін" деген сөздерден кейін "қызмет түрлері" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым сомасының мемлекеттік бюджетке төленгенін растайтын құжат.";

4-тармақта "заңмен белгіленетін мөлшер мен тәртіп бойынша" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Салық кодексіне айқындалған тәртіпте" деген сөздерге ауыстырылсын;

3) 11-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "қызмет түрлері," деген сөздер алынып тасталсын;

4) 12-баптың 3-тармағында "алым" деген сөз "жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым" деген сөздерге ауыстырылсын;

5) 21-баптың 2-тармағында "жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын" деген сөздер "жеке табыс салығын" деген сөздерге ауыстырылсын;

6) 33-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тізілімнен алып тастау жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігін тіркеуші органға өткізген күннен кейін жүргізіледі.".

19. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Z970155_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

1) 19-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "жасаудан басқа" деген сөздерден кейін "өзге де" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 67-баптың 2-тармағында "тиісті мемлекеттік органды" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілет берген органы" деген сөздерге ауыстырылсын;

3) 70-бапта:

5-тармақта "тиісті мемлекеттік органға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілет берген органы" деген сөздерге ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мұрагерлік құқығы бойынша мемлекеттік меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілет берген органы жүзеге асырады.

Мұрагерлік құқығы бойынша мемлекеттік меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.".

20. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Z970160_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж ., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 жылғы 8 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 7 маусымда " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010205_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 маусымдағы Заңы):

1) 7-баптың жетінші абзацы алынып тасталсын;

2) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкасын жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жасаған есептер негізінде бекіледі.";

3) 20-баптың 1-тармағының алтыншы абзацында "белгіленген ақыны дер кезінде төлеуге" деген сөздер "заңдарда белгіленген төлемдерді дер кезінде төлеуге" деген сөздерге ауыстырылсын;

4) 26-баптың үшінші және бесінші абзацтарында "ақы төлеу" деген сөздер " заңдарда белгіленген төлемдер" деген сөздерге ауыстырылсын;

5) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Табиғат ресурстарын пайдалану үшін төленетін төлемдер

Табиғат ресурстарын пайдалану үшін төленетін төлемдер Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген салықтар, алымдар және төлемдер түрінде табиғатты пайдаланушылардан өндіріліп алынады.";

6) 29-бапта:

екінші бөлікте "Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздер "Салық кодексінде

белгіленген" деген сөздерге ауыстырылсын;
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
"Төлем ставкасын жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жасаған есептер негізінде жергілікті өкілетті органдар белгілейді. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін ақының сомасын мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.";
7) 30-бапта:
тақырыпта және мәтінде "ақы" деген сөз "төлемдер" деген сөзге ауыстырылсын;
"алынады" деген сөздер "алынады" деген сөздерге ауыстырылсын.
21. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Z970162_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 215-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат):
1) 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"жергілікті атқарушы органдардың ұсынымы бойынша жергілікті маңыздағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану үшін төлем ставкаларын белгілейді.";

2) 77-бапта:
1-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:
"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану үшін төлемнің ставкалары, мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.";
3) 78-баптың 1-тармағында:
екінші, үшінші абзацтар алынып тасталсын;
төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"заңды және жеке тұлғаларға көрсетілетін қызмет үшін төленетін ақы";
4) 79-бап алынып тасталсын.
22. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық атқару кодексіне Z970208_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; 2001 жылғы 17 наурызда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 20 наурызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ұйымдасқан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 наурыздағы Z010163_ Заңы):
1) 57-баптың 1-тармағында "тиісті мемлекеттік органына" деген сөздер " мемлекеттік меншікті басқаруды жүзеге асыруға уәкілетті органға" деген сөздерге ауыстырылсын; 2) 60-бапта: тақырыпшада және 1-тармақта "мемлекеттік органына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілет берген органы" деген

сөздерге ауыстырылсын; 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "2. Тәркіленген мүлікті мемлекеттік меншікті басқаруды жүзеге асыруға уәкілетті органға беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды."; 3) 61-баптың 1-тармағында "тиісті салық органына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілет берген органы" деген сөздерге ауыстырылсын. 23. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970204_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат; 2001 ж., N 8, 50-құжат): 1) 27-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын: "3. Белгіленген тәртіпте репатриант (оралман) деп танылған тұлғаға нысаны, беру тәртібін және әрекет ету мерзімін уәкілетті орган белгілейтін куәлік беріледі."; 2) 29-баптың 1-тармағында: 1 ) тармақша алынып тасталсын; 10) тармақша алынып тасталсын.

24. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі Z980258_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 308-құжат; N 24, 443-құжат; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 13 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 маусымдағы Z010207_ Заңы): 3-баптың 3) тармақшасы алынып тасталсын. 25. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Z980321_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23, 430-құжат): 166-бапта " Мемлекеттік баж туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Салық кодексінде" деген сөздерге ауыстырылсын. 26. " Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Z990382_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 12, 396-құжат): 1) 6-бапта: 3-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: "Радио жиілік спектрін пайдалану үшін төлемнің ставкаларын, мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады."; 5-тармақта: "тіркелуге" деген сөздің алды "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Радио электронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексі айқындайтын тәртіпте алым алынады.";

2) 12-бапта:

2-тармақта:

"аукциондар өткізу жолымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес конкурстық негізде" деген сөздерге ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Байланыс саласындағы уәкілетті орган өткізген конкурс қорытындысы бойынша

радиожиілік спектрінің алабын (номиналдарын) пайдалануға қол жеткен кезде конкурс жеңімпазы мемлекеттік бюджетке біржолғы ақысын енгізеді.

Конкурс қорытындысы бойынша айқындалған мемлекеттік бюджетке біржолғы ақыны енгізу тәртібін конкурс комиссиясы белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармағымен толықтырылсын:

"4-1. Радио жиілік спектрін пайдалану құқығы байланыс саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсатпен куәландырылады.

Бұл ретте, телевизия және радио таратушы ұйымдарға рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексі айқындаған тәртіпте алым алынады.

Конкурс өткізу жолымен радио жиілік спектрінің алабын (номиналдарын) бөлу кезінде радио жиілік спектрін пайдалануға рұқсатты көрсетілген соманы толық мөлшерде мемлекеттік бюджетке енгізгенін растайтын құжатты төлеуші тапсырғаннан кейін байланыс саласындағы уәкілетті орган береді.".

27. "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Z990389_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 13 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 маусымдағы Z010207_ Заңы):

12-баптың 5-тармағының 3) тармақшасында "кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін алым" деген сөздер "қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық алым" деген сөздерге ауыстырылсын.

28. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне K990409_ (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат):

1) 741-бапта:

"сондай-ақ" деген сөз алынып тасталсын;

", сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларда, " деген сөздермен толықтырылсын;

2) 938-баптың 2-тармағында "табыс салығы салынатын" деген сөздердің алды "жеке " деген сөзбен толықтырылсын, "салық инспекциясы" деген сөздер "салық органы" деген сөздерге ауыстырылсын;

3) 1017-баптың 3-тармағында "қызметтік" деген сөзден кейін ", салықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

4) 1083-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Коммуналдық меншікке түскен өлген адамнан қалған мүлікті есепке алу, сақтау,

бағалау және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілет берген органы жүзеге асырады.

Коммуналдық меншікке түскен өлген адамнан қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.".

29. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне K990411_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; 2001 жылғы 17 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 17 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 шілдедегі Z010207_ Заңы):

1) 101-бапта "мемлекеттік баж туралы заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде" деген сөздерге ауыстырылсын; 2) 104-бапта: 1-тармақта "көзделген" деген сөздің алды "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде" деген сөздермен толықтырылсын; 2-тармақ алынып тасталсын; 3) 105-бап алынып тасталсын; 4) 142-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "1. Мемлекеттік баждарды есептеу және төлеу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүргізіледі."; 5) 265-баптың 3-тармағы алынып тасталсын; 6) 339-баптың екінші сөйлемі алынып тасталсын. 30. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Z000109_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 381-құжат): 6-бапта: 2-тармақта: екінші абзацта "салық салу үшін" деген сөздер "жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын жылжымайтын объектілеріне салық салу үшін, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалықтарының жер учаскелерінің бағалау құнын анықтау үшін" деген сөздерге ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын: "мемлекет меншікке түскен мүлік құнын айқындау үшін;"; мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекет меншігіне түскен мүлікті бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілет берген органы жүзеге асырады.".

31. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Z010142_ Заңына (2001 жылғы 26 қаңтарда N 16 "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 27 қаңтарда N 23-24 (23371-23372) "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған):

30-баптың 7-тармақшасында таратуды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін алынатын алымды төлеу туралы төлем тапсырмасының түбіртегі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Салық кодексі айқындаған тәртіпте заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін алынатын алымның мемлекеттік бюджетке төлегенін растайтын құжат" деген сөздерге ауыстырылсын.

32. "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Z010152 _ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 4, 21-құжат):

8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Жалға алу төлемінің сомасын мемлекеттік бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте, жалға алу төлемінің ставкасы жер салығы ставкасының мөлшерінен кем болмай белгіленеді.".

33. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Z010210_ Заңына (2001 жылғы 20 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 20 маусымда N 146 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған): 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын: "3. "Қазақстан Республикасындағы аударымдық және жай вексельдерге қатысты елтаңбалық алым туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 15 желтоқсандағы Z000122_ Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 21, 394-құжат).".

2-бап. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті Мамандар:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК